

## Айнабұлақ ауылдық округінің Қайнар ауылына шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

### *Күші жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы Айнабұлақ ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 15 мамырдағы № 1 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 1 маусымда № 5055 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы Айнабұлақ ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 8 қаңтардағы № 1 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы Айнабұлақ ауылдық округі әкімінің 08.01.2018 № 1 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 37-бабы 3-тармағына сәйкес, Зайсан ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитарлық инспекторының 2017 жылғы 21 сәуірдегі ұсынысы негізінде Айнабұлақ ауылдық округі әкімі **ШЕШТІ:**

1. Айнабұлақ ауылдық округінің Қайнар ауылына мүйізді ұсақ малдарынан сарып ауруының шығуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Шешім алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Айнабұлақ ауылдық округінің әкімі*

*М.Көшербаев*